

Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін құру туралы Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 992 қаулысымен.~P010992

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 маусым N 991. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 579 қаулысымен. ~P020579

Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 992 қаулысымен. P010992_

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесі бекітілсін. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 992 қаулысымен. P010992_

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан

Республикасында салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін құрсын.

<*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 992 қаулысымен.

P010992_

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі 2001 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде мынадай мемлекеттік органдармен:

- 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен;
- 2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен;
- 3) Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен;
- 4) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен;
- 5) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігімен;

6) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен;

7) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен;

8) Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен;

9) Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен;

10) Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу үшін ақпарат алмасудың хаттама-регламенттерін әзірлесін және бекітсін.

Хаттама-регламенттер жоғарыда аталған Ереженің 2-тармағында көрсетілген өзге де мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, 2001 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімде бекітілсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 992 қаулысымен. P010992_

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы
N 991 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесі <*>

Ескерту. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 992 қаулысымен. P010992_

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952335_ Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "1999-2000 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 7 желтоқсандағы N 4157 U984157_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін (бұдан әрі - салық төлеушілердің тізілімі деп аталады) белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 992 қаулысымен. P010992_

2. Салық төлеушілердің тізілімі өзі салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуі мен уақтылы төленуін бақылау сондай-ақ салық салынатын базаны айқындау мақсатында ҚР МКМ-не және мынадай:

- 1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, таратуды жүзеге асыратын;
- 2) заңды тұлғаларды шаруашылық қызметінің субъектілері ретінде тіркейтін статистика органдарын;
- 3) салық салу объектілерін есепке алуды және/немесе тіркеуді жүзеге асыратын;
- 4) көлік құралдарын есепке алуды және/немесе тіркеуді жүзеге асыратын;
- 5) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялауға жататын өз қызметін жүзеге асыру үшін лицензиялар, куәліктер және өзге де осындай құжаттар беретін (лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензия беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар (лицензиарлар));
- 6) Қазақстан Республикасында олардың тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын;
- 7) Қазақстан Республикасында жеке адамдардың тууын және қайтыс болғанын тіркеуді жүзеге асыратын аумақтық салық комитеттерінен және мемлекеттік органдардан (бұдан әрі - ақпарат берушілер) келіп түсетін ақпарат

негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі жүргізетін (бұдан әрі - ҚР МКМ) салық төлеушілерді есепке алудың мемлекеттік дерекқор жүйесі болып табылады.

3. Салық төлеушілердің тізілімін енгізу осы Ережеге сәйкес берілген мәліметтерді оған енгізуді, есепке алу объектілері туралы деректер өзгерген кезде оларды жаңартуды, Қазақстан Республикасының заң нысанында көзделген жағдайларда салық есебінен шығарылған салық төлеушілер туралы мәліметтерді салық төлеушілердің тізілімінен шығарып тастауды білдіреді. Бұл ретте, салық төлеушілердің тізілімінен шығарылған мәліметтер мұрағатта сақталады.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірінен басқа (СТН) салық төлеушілердің тізілімінде бар мәліметтер қызмет бабында пайдаланылатын ақпаратқа қатысты есепке қою себептері және салық органдарының кодтары ҚР МКМ белгілеген тәртіпте сақтауға және беруге жатады.

5. Салық төлеушілердің тізілімін жүргізу кезінде ұғымдардың біркелкі болуын қамтамасыз ету мақсатында ресми кодтық белгілеу пайдаланылады. Осы мақсат үшін қолданылып жүрген жалпы ведомстволық жіктемелер және анықтамалықтар қолданылады. Өзге де жіктемелер мен анықтамалықтардың бекітілуіне және қолданылуға енгізілуіне қарай, сондай-ақ осы ереженің 2-тармағында көрсетілген салық органдарының өзара және басқа да органдармен іс-қимыл жасауы нәтижесінде кез-келген мәтіндік ақпарат, оның ішінде мекен-жайлық оның кодтық белгілеуіне ауыстырылуы тиіс.

6. Салық төлеушілердің тізілімі дерекқорының көрсеткіштер құрамы мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері;
- 2) заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резидент еместері, сондай-ақ шетелдік тұлғаның тұрақты мекемелері;
- 3) жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері және резидент еместері;
- 4) жеке балансы және банк шоттары бар филиалдар, өкілдіктер, оқшауланған құрылымдық бөлімшелер.

7. Салық төлеушілердің тізілімін жүргізу кезінде ақпаратты жеткізушілермен ақпаратты алмасудағы келісімдер хаттамасы мыналардан тұрады:

- 1) хаттамаларды және деректерді алмасу регламентін келісу;
- 2) әр тараптан берілетін есепке алу деректерінің реквизиттері тізбесін келісу;
- 3) өзара алмасуға жататын деректемелер бойынша берілетін деректер форматын, анықтамалықты және жіктемелерді келісу;
- 4) салық төлеушілердің тізіліміне мамандандырылған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерден ведомстволық массивтер (файлдар) деректерін беру;
- 5) салыстыра тексеру белгілерімен мамандандырылған автоматтандырылған

ақпараттық жүйелеріне салық төлеушілердің тізілімінен жауапты ведомстволық массивтер (файлдар) деректерін беру.

8. ҚР МКМ мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік салық төлеушілер тізілімін жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды;
- 2) ақпаратты өңдеуді ұйымдастыру.

9. Салық төлеушілер тізілімінде бар мәліметтерді алуға ҚР МКМ бекіткен тізбе бойынша лауазымды тұлғаларға рұқсат етіледі.

Салық төлеушілердің тізіліміндегі деректерді лауазымды тұлғалардың салық төлеушілердің мүдделеріне зиян тигізіп, пайдалануы Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде көзделген жауапкершілікке тартқызады.

10. Осы Ережеге сәйкес ҚР МКМ салық төлеушілердің тізілімін жүргізу мәселелері бойынша нұсқаулықтарды және әдістемелік нұсқауларды әзірлейді және бекітеді.

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.

Орынбекова Д.Қ.